

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.61-64

ӨНІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ

Жанимхан И.

Еліміздегі әлеуметтік – экономикалық дамуында елеулі айырмашылық орын алатын болса, кез келген мемлекеттің бір қалыпты дами алмайтының әлемдік тәжірибе көрсетіп берді. Сондықтан, бір елдің бәсекеге төтеп бере алатын қабілеті мен оның аумақтық деңгейде мемлекеттік тұрғыдан ықпал етудің шаралар жүйесі белгілі бір аумақтардың мүдделері мен өзіндік ерекшеліктерін экономикалық даму тұрғысынан нығайтудың деңгейіне байланысты.

Аумақтардың әлеуметтік – экономикалық дамуындағы өзгешеліктері объективтік тұрғыдан аумақтық даму теңсіздігінің әмбебап экономикалық заң әрекеттеріне бағынышты. Бұл арадағы міндет – осы экономикалық заңның талаптарына жекелеген аумақтардың даму деңгейлерін теңестіру үдерісін бағындырып, осы айырмашылықтарды біртіндеп жою болып табылады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына келесі жағдайлар әсер етеді:

- өмірдің әлеуметтік жағдайы және халықтың әсері;
- өңірлерде өзара байланыстарының ұлғаюы;
- еңбек ресурстары жылжымалылығының күшейеуі;
- өңірлердің өндіріс құрылымы мен инфрақұрылымының күрделенуі;
- өңірлік еңбек бөлінісі әрі оның тереңдей түсуі мен маңызының

артуы.

Бұл жағдайлардың дамуы, біріншіден, мемлекет пен аймақтар арасында басқару функцияларын қайта бөлу, қайта қарастыру, екіншіден, мемлекеттік теориялық басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың ең жақсы үйлесімін көздейді.

Мемлекеттік реттеу әртүрлі аудандарда арнайы тәсілдерді қолдау арқылы олардың толықтай потенциалды мүмкіндіктерін ашу мақсатында құрылады. Осы тұрғыдан еліміздің аймақтарын келесі топтарға бөлуге болады:

1. Шаруашылықтарының құрылымы экспортқа бағытталған;
2. Индустриялық дамыған;
3. Агроөнеркәсіптік;
4. Дағдарыстық.

Бірінші топ – стратегиялық сипаттағы минералды ресурстардың айтарлықтай қорларын иеленетін және ғылыми-өндірістік әлеуетінің қарқынды дамуына жеткілікті мүмкіндігі бар, бірақ ауылдық аумақтарының экономикалық-әлеуметтік дамуы артта қалуымен, экологиялық жағдайларының нашар болуымен ерекшеленетін аймақтар. Бұл аймақтарға Қазақстан экономикасын дағдарыстан шығару және тұрақтандырудың рөлі беріледі. Сонымен бірге, осы аймақ топтары үшін төмендегідей мәселелер кешенін шешу қажет деп атап көрсетуге болады:

- минералдық шикізат және көмірсутек шикізаттарын кешенді өндіру мен өңдеудің жаңа технологияларын енгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бай жерлерді интенсивті игеру;

- отандық және шетелік инвесторлар үшін қолайлы жағдайларды, инвестициялық климатты анықтайтын және әлемдік стандартқа жауап беретін жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрокұрылымдарды құру;

- ауылдық аумақтарының дамуындағы «жинақталған» күрделі мәселелерді (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, т.б.) шешу.

Екінші топқа – ауыр индустрия салаларына нақты маманданған, жоғары технологиялық ғылымды қажетсінетін өндіріс құру үшін қолайлы экономикалық жағдайлары және жоғары ғылыми-өндірістік әлеуеті бар, негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын аймақтар жатады. Бірақ, сонымен бірге, бұл аймақтардағы жоғары дәрежелі негізгі қорлардың тозуы, дағдарысты экономикалық және экологиялық жағдайлардың болуын назарға алу қажет.

Бұл аймақтарды дамытуда шешуді талап ететін мәселелер қатарына:

- шетел инвесторларын тарту жолымен экспорттық әлеуетті қалыптастыру;

- жаңа ғылымды қажетсінетін өнімдер шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологиялар негізінде құрал-жабдықтар мен машиналар, лазер технологиясын дамыту;

- нарықтық инфрокұрылымды дамытуды жеделдету.

Үшінші топ – ауыл шаруашылығына маманданған агроөнеркәсіптік кешенді аймақтар. Бұл топтағы аймақтар үшін халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауыл шаруашылығы мен оған сабақтаса дамитын салаларда шағын және орта бизнесті дамыту қажет. Олар республикада азық-түлік қорларының алдыңғылары болып табылады.

Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыру үшін келесі мәселелер өз шешімін табуы тиіс:

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін тиімді мамандандыруды жүзеге асыру;

- ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалығын және экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз ететіндей өндірістік үрдістерге жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану;

– тұтыну нарығын тепе-тең дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базасын нығайту, міндетті түрде өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құру.

Төртінші топқа – табиғи климаттық, экономикалық-әлеуметтік және жаңа технологиялық жағдайлары төмен, шаруашылықтың шаруашылық құрылымы ұтымды емес дағдарыстық аймақтар, сонымен қатар экологиялық дағдарысқа ұшыраған аймақтар жатады. Бұл аймақтар дамуы үшін шешілуі тиіс мәселелер келесідей:

– осы аймақтарда тұратын халықтардың өмір сүрі сапасын және деңгейін көтеру үшін материалдық негіз құру жөнінде нақты шаралар қабылдау;

– қоршаған табиғи ортасы адамдардың денсаулығына өте қауіпті ауылдық аймақтардан, кіші және шағын қалалардан және басқа да тұрғылыққа қауіпті жерлерден республикамыздың басқа аймақтарына орын ауыстырғысы келетін халықтар үшін қажет жағдайлар жасау;

– шетелдік техникалық және гуманитарлық көмектерді тарту және оларды тиімді пайдалану.

Проблемалық аймақтардың қатарына бірқатар себептердің салдарынан экономикалық әлеуетті орташа республикалық көрсеткіштерден бірнеше есе төмен, ал экономикасы мен өндірісі аз тараптандырылған құрылымымен, нашар дамыған инфрақұрылымымен сипатталатын аймақтар да жатады мұндай аумақтар олардың өзіндік дамуын ынталандыратын мемлекеттік көмегіне мұқтаж. Сондықтан, экономикалық ғаламдану үрдісіне қадам басып отырған Қазақстан үшін шешілуі тиіс басты міндет – аймақтар үшін қажет жағдайларды қалыптастыру негізінде тиімді нәтижені ұлғайту.

Дағдарысты аймақтардың басты белгілері мыналар болады:

– өндіріс қарқынының төмендеуі
– халықтың өмір сүруінің төмендеуі (жан басына шаққандағы табыстың төмендігі

– жұмысбастылыққа қатысты жағымсыз тенденциялар өрістеуі (жұмыссыздықтың жоғары деңгейі

– демографиялық, әлеуметтік, экологиялық қызметтер көрсету саласындағы мәселелердің күшеюі және т.б.

Өмір сүрі деңгейі мен сапасындағы шектен тыс айырмашылықтар, көбінесе, аймақтардың экономикалық, табиғи-климаттық, ресурстық және инфрақұрылымдық ерекшеліктерімен анықталады, сондай-ақ олар мемлекеттің «теңестіру» саясатын жүргізу үшін негіз болып табылады. Осы саясаттың жүзеге асырудың басқарушылық механизмінің негізгі міндеттерінің қатарына артта қалған аймақтардағы өмір сүру деңгейі мен экономикалық даму параметрлерін ең болмағанда орташа деңгейге (осы параметрлер бойынша біртіндеп жақындауы жатады. Бұл жағдайда негізгі міндет мемлекет тарапынан аймақтардың өзіндік дамуын ынталандыру: халықтың әлеуметтік бейімділігін қолдау (қолайлы жерге көшіп-қонуға

жәрдем көрсету); артта қалған аймақтарға капитал мен инвестициялардың келуін ынталандыру және т.б. болып табылады.

Аймақ дамуының кез келген аясындағы дағдарысты жою, бір жағынан алғанда, экономикалық белсенділік деңгейімен байланысты. Әлеуметтік даму салыстырмалы түрде дербестікке ие бола отырып, айтарлықтай дәрежеде ресурстық мүмкіндіктермен анықталады, олар өз кезегінде экономикалық даму деңгейіне байланысты. Екінші жағынан, нарықтық шаруашылықтың әлеуметтік жағдайға зиянын тигізе отырып, тек қана экономикалық және тұтас мемлекеттің дамуына қауіп туғызады. Сондықтан, мемлекеттік реттеудің әлеуметтік және экономикалық құраушыларының тепе-теңдігі қажет. Әлеуметтік және экономикалық құраушыларды тепе-теңдікте дамыта отырып, аймақ дамуындағы әртүрлі бағыттағы олқылықтардың орнын толықтыруға және халықтың тұрмыс жағдайының деңгейін көтеріге болады. Бұл түптеп келгенде мемлекеттің аймақтық саясатының табысты жүргізілуін анықтайтын бірі болып табылады

Әрбір аймақ жеке дами алмайды, өйткені басқа аймақтың даму барысына зиянын тигізбес үшін оның де ескеруі тиіс. Сондықтан, экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі аймақтық саясаттың маңызы ерекше бола түседі. Мемлекет және жергілікті органдар әрбір аймақ үшін бағдарлама жасап, сол бойынша аймақтар өзінің даму бағытын жүзеге асырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық экономика. Оқулық, Алматы.-2010ж.-527б.
2. Қазақстан өңірлері 2010 -11жж. ҚР Статистика агенттігі.Астана.-2012.-400б.
3. Әбдірахманов М.А. Әлеуметтік статистика. Оқу құралы.Астана.-2012.-272 б.
4. Стстистика бойынша әдіснамалық ережелер.ҚР Статистика агенттігі.Астана.-2009. 558б.
5. www.stat.gov.kz